



XFTAP 19.61.45

Ы.Д. Егембердиев, О.І. Тұржан*, Э.Е. Ибраева
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
**Байланыс үшін автор: opaigul_t@mail.ru*

Деректі фильм түсірудегі заманауи талаптар

***Аңдатпа.** Бұл мақалада деректі фильмге теориялық тұрғыдан анықтама беріліп, оның журналистік шығармашылық пен кинематографиялық өнердің бірге өрілген өнімі ретіндегі сипаттамасы айқындалады. Публицистика мен экрандық драматургияның қосылған туындысы бағытындағы деректі фильмдерге және оны түсіруге қойылатын негізгі талаптар, заманауи әдіс-тәсілдер, деректі фильм жасаудың ең негізгі баспалдақтары, олардың техникалық-бейнелеуші элементтерінің құрылымдық ерекшеліктері қарастырылады. Телевизиядағы деректі фильмдердің ең негізгі үш тобы ретіндегі портреттер, тергеу және ғылыми-көпшілік фильмдердің құрылымына, мазмұнына қысқаша анықтама беріледі. Қазіргі таңдағы көрерменнің визуалды ақпаратқа бейімділігі жаңа талаптар қойып отыр. Осыған орай іскери коммуникацияда тұсаукесер өткізу рәсімдері де ерекше маңызға ие болып, жаңаша сипат алды. Бұл зерттеу мақалада жаңа өнімнің немесе қызметтің пайда болуы туралы кең түрде ұтымды ақпарат берудің және мұндай іс-шараны ұйымдастырудың ең тиімді тәсілдерінің бірі ретіндегі деректі фильм түсірудің маңызына да ғылыми тұжырымдар беріледі. Деректі фильмге қатысушыларға қойылатын ең негізгі талаптар да талданады. Деректі фильмге қатысушы кейіпкердің камера алдында өзін еркін ұстауына мүмкіндіктер жасалуының қажеттілігі, деректі фильмнің өзіндік режиссурасы, фильм мәтінін оқитын адамның дауысына, харизмасына қойылатын талаптарға тоқталады. Заманауи деректі фильмдерде қолданылатын титрдің маңызы ашып көрсетіледі. Авторлар тақырыпты зерттеу барысында деректі фильм түсіру шеберлері мен кино өнерін зерттеушілердің ғылыми-тұжырымдамалық еңбектеріне сүйенген. В. Шкловскийдің, Х. Зайпельдің, А.Г.Парфеновтың жоғары сапалы деректі фильм құру кезіндегі басты қағидаларын нысанаға алып, көрермен ұтымды қабылдайтын тұстарына кең талдау жасайды.*

***Түйін сөздер:** деректі фильм, деректі фильм ерекшелігі, медиаөнімнің инновациялық сипаты, титр, автор, режиссер.*

DOI: 10.32523 / 2616-7174-2021-136-3-48-54

Кіріспе

Деректі фильмдер қазіргі визуалдылық мәселесі белсенді болып тұрған кезеңде қандай да бір деректік оқиғаларды жеткізуде қолданылатын тиімді өнімдердің бірі.

Жалпы деректі фильм түсірудің өзіндік ерекшеліктері тележурналистке айрықша жауапкершілік артатыны анық. Өйткені ол диалог, коммуникация, ақпараттық және бейнелі, деректі фильм түсіру элементтерін біріктіріп, шынайы материалға негізделіп (нақты оқиғалар,

нақты адамдар және т.б.) түсіріледі.

Зерттеу әдістері

Сондықтан да бұл саланы арнайы зерттеудің өзіндік методологиясы да әлі қалыптасып болған жоқ. Дегенмен, эмпирикалық тәсілдер арқылы деректі фильм түсіру ерекшеліктерінің кейбір тұстарына ғылыми талдаулар жасай аламыз.

В.Шкловский «Ғылым бұдан былай азғантай қауым үшін кітапқа жасырынуға тиіс емес» деп жазған екен [1, 31]. Яғни, ғылымды да, әлеуметтік-саяси жағдайларды да, қоғамдық қатынастарды да тек қана кітаптан оқу дәуіріне қоса, деректі фильмдер арқылы танысу дәуірінің келгеніне сілтеме жасай отырып, оның уақыт талабы екендігін түсіндіреді.

Қазіргі көрермен классикаға айналған деректі фильм жауһарларымен танысуға аса белсенділік таныта қоймайды. Демек, деректі фильмдер жобасында жұмыс істеуге бел буған журналистке ақпаратты ұсынудың инновациялық формалары мен ұтымды құралдарын іздеуге көп күш жұмсау қажет болады.

Талқылаулар мен нәтижелер

Деректілік – қашанда мәдениет, әлеуметтік, ғылыми ізденістердің тоғысқан жері. Деректілік – тарихты аудиовизуалды түрде жазатын құралдардың бірі. Сол себепті деректі фильм түсіруге жұмсалатын қаржыны әлемде көптеген ірі телекомпаниялар немесе мемлекеттер өз мойнына алады.

Деректі фильм өмірге алғаш келген күнінен бастап, өзінің даму жолында көптеген сатылардан өтті. Өзінің бойында өнер мен журналистиканы тоғыстыратын деректі киноның соңғы жылдарда мақсаты мен табиғаты да өзгерді.

Деректі фильм дегеніміз – журналистік шығармашылық пен кинематографиялық өнердің бірге өрілген өнімі. Яғни, көзалдымызда публицистика мен экрандық драматургияның қосылған туындысын көреміз.

Деректі кинематографияда ақпараттық-үгіттік бағыт басты элемент болуы себебінен кей кездері ол өзінің даму үрдісін тежеп отырады. Жалаң деректер мен цифрларға құрылып, эстетикалық-эмоционалдық ерекшеліктері жағынан кемшін түсіп жататындықтан, бұл деректі фильмдердің алға жылжып, дамуына кедергі келтіруде. Көрермен деректі фильм кейіпкерінің немесе нақты бір тарихи оқиғаның тек құрғақ сөзбен баяндалғанын ғана емес, оның түрлі көркемдік-визуалдық тәсілдермен жеткізілгенін қалайды. Деректі фильмге ең қажетті нәрсе – оның динамикасы. Яғни, бұл оқиға қуып отыратын көркем фильм емес. Демек, деректі фильм жеткізетін әрбір дерек шын мәніндегі маңызды деректі, нақты идеядағы, нақты кейіпкері бар оқиғаның айнасы болып тұруы маңызды.

Қазіргі телевизиялық жанрлар жүйесінде деректі фильмдердің үш тобы ұсынылған: портреттер, тергеу және ғылыми-көпшілік фильмдер. Атақты адам (актер, саясаткер, жазушы, музыкант) портреттік фильмнің объектісі ретінде әрекет етеді. Құрылымы бойынша деректі фильмнің бұл түрі монотонды, өйткені барлық режиссерлер жеке кейіпкерді барынша ашуды қамтамасыз ету үшін бірдей тәсілдерді қолданады. Қазіргі телевизиялық хабар тарату желісінде өте сирек кездесетін тергеу фильмдері тарихи оқиғаларға арналған, бірақ олар туралы қайшы пікірлер жиі туындап қалып жатады. Отандық теледидарда бұдан да көп кәсіби деңгейде ұсынылған және жүргізілген, бірақ күмәнді фактілердің көптігімен сипатталатын саяси және қылмыстық тергеу-фильмдері де бар. Кейбір телеарналарда ғылыми-көпшілік фильмдер кеңінен ұсынылады, олардың авторлары күрделі ғылыми зерттеулер мен жаңалықтарды қызғылықты баяндап, талап деңгейінен көрінеді.

Деректі фильм жасау теориясы бойынша автор әлеуметтік мәселені немесе қандай да бір тарихи оқиғаны талдап, дайындайды, ал режиссер басты кейіпкердің жеке ерекшеліктерін ашудың жанрлық ерекшеліктерін қолдана отырып, көркемдік элементтерімен көрсетіп шығуға міндетті.

Искери коммуникацияда тұсаукесер өткізуге маңызды орын беріледі, оның мақсаты – нарықта жаңа өнімнің немесе қызметтің пайда болуы туралы кең түрде ақпарат беру. Мұндай іс-шараны ұйымдастырудың ең тиімді тәсілдерінің бірі – деректі фильм түсіру. Осындай деректі фильмдер арқылы тұсаукесерге келген қонақтар мен бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері ұйымның құрылу және даму тарихы, оның құрылтайшылары мен қазіргі заманғы көшбасшылары, компания қызметкерлерінің алдына қойылған миссиясы мен міндеттері туралы, ұсынылып отырған жаңа қызметтің мәні мен маңызы туралы ақпарат алады. Мұндай бейнематериалдардың ұзақтығы 10 минуттан 15 минутқа дейін болуы мүмкін. Экранға көбінесе ұйым әкімшілігі өкілдерінің, бөлім басшылары мен жетекші мамандардың синхронизациясы ұсынылады. Алайда, осындай презентациялық фильмдерде ұйым алдындағы жоспарлар мен міндеттер туралы бір сарынды мәтіндер мен солбыр сөздерді көрсете берсе, деректі фильмнің әсерлілігі жоғалады. Тіпті онда көрсетілген деректер мен цифрлар ешкімнің есінде де қалмайды.

Деректі фильм түсірудің шебері, ресейлік Л.Г.Парфенов «Құжаттар бар болса, білім де шексіз болады. Біз деректі фильмдер арқылы білім аламыз» дейді [2]. Демек, деректі фильмде кез келген мәселе туралы айтыларда қандай да бір тарихи деректерге немесе осы мәселеге қатысты ғұламалық ой түйіндеріне сілтеме жасай өрбітсе, фильмнің мазмұны да өзіндік тереңдікке ие болады.

Көптеген деректі фильмдер түсірген Билл Николз деректі фильмдерді поэтикалық, түсіндірмелі, қатысушылық, бақылаушы, рефлексивті, перформативті деп бөліп қарастырады. Осылардың ішіндегі ең жиі қолданылатыны – түсіндірмелі деректі фильм. Оның анықтауы бойынша «түсіндірмелі деректі фильмдер негізінен видео-эссе немесе кино-зерттеу-тергу бағытында болады және оны түсіруге көптеген дерек көздерді қарастыруға тура келеді. Мұндай фильмдердің құрылымында сұхбат, инфографики, құжаттар, кино- фотохроникалар қажет болады. Және оны жүргізушінің баяндауы да әсерлі болуы тиіс, дауыс екіпіні де дұрыс қойылуы керек. Сценарий барлық деректерді жинақтап, нақты тұжырымды немесе нақты көзқарасты, идеяны жеткізуге жұмылдыруы тиіс» [3].

Деректі фильм қандай тақырыпқа, қандай мақсатқа құрылса да, олардың әрқайсысының өзіндік ерекшелігі болуымен қатар, қойылатын талаптардың бірдейлігі де өз алдына жеке зерттеуді қажет етеді. Олардың бәріне ортақ кезеңдері бар. Бірінші кезең – бұл дайындық кезеңі. Мұнда авторлар тобы қажетті ақпаратты жинайды, кейіпкерлермен алдын-ала кездесулер өткізеді, әдеби және режиссерлік сценарийлерді құрастырады. Екінші кезеңінде көркем сценарийде болашақ фильмге қажет барлық ақпарат қамтылатындықтан, оған қажетті деген кейіпкерлер, интерьер, кейіпкерлердің көңіл-күйі сөздік формада ұсынылып, автордың көрерменге жеткізілуі тиіс негізгі идеясына маңыз беріледі. «Кино өнері дегеніміз тек өмірді сол күйінше көрсетіп қана қою емес, бұл сол өмірге анализ жасау. Кино өнері – бұл өмірдің айнадағыдай дәл көрсетілуі емес, бұл өмірдің сәулеленуі. Өмірдің қайшылықтар» [4, 102].

Демек, үшінші кезеңде авторлық сценарийдің негізінде режиссерлық сценарий дайындалады. Режиссерлық сценарийде автор ұсынған сценарийдегі әрбір детальдың «ойнап» тұруы маңызды болмақ. Мұнда деректі фильм жасаудың техникалық және көркемдік құралдары талқыланады. Фильмнің әр көрінісі неше минутқа немесе неше секундқа созылатындығы, қандай фонда болатындығы, музыкалық көркемдеу мәселесі, кейіпкерлердің ірі планда немесе жалпы планда көрсетілер тұсы – бәрі анықталуы керек.

Дегенмен, мұқият құрастырылған және әбден ойластырылған сценарийдің өзі кейде жоғары сапалы фильмге кепілдік бермейді. Көп нәрсе авторлардың ұсынылған фактілерді

жүйелеуіне және сәтті құрылымдауына байланысты болады, мұнда жүргізушінің баяндауының сөзге шешендігі де маңызды. «Сценарий жазатын болсаңыз, сізге екі аспектіні ескеру керек. Оның бірі – сценарий жазу үшін қажетті дайындық: зерттеуге және зерделеуге кететін уақыт, сценарийдің динамикасын құрып, кейіпкерлер образын жасау жұмыстары. Екіншісі – жоспарды іске асыру, яғни, нақты сценарий жазу, визуал бейнелер мен диалог құру. Сценарий жазудағы баты мәселе – не жазу керек екендігін білу. Бұл – шындық» [5, 14]. Кинодокументалист Хуберт Зайпель өзінің бір сұхбатында деректі фильмге түсуші негізгі кейіпкермен жұмыс істеудің маңыздылығына тоқталады. «Түсірілімге дейін негізгі кейіпкермен жүзбе жүз кездесіп, еркін жағдайда, оңаша отырып әңгіме жүргізу қажет. Өйткені түсірілім кезінде режиссер мен операторлардың және басқа да қызметкерлер мен қатысушылардың болуы кейіпкердің шынайы түрде ашылып сөйлеуіне мүмкіндік бермейді» дейді [6].

Көптеген деректі фильмдер түсірген Л.Парфенов экранда үнемі өзі болады. Оның әр сөзі, қимыл-қозғалысы оқиғаға белгілі бір серпін береді. Ол кадрдың алғашқы секундтарынан бастап-ақ аудиторияның назарын баурап алуды мақсат етеді. Келесі сәтте осы ұйымның немесе жеке кейіпкердің өміріне қатысты қызықты деректер мен оқиғаларға, ұйым мен оның қызметкерлерінің басынан өткен ерекше жағдайларды әңгімелеу немесе видео арқылы көрсетуге орын беріледі. Заманауи теледидарда бейнелеудің маңызды құралы ретінде баламалы сөздерді, музыканы және шуды қамтитын бейне тізбегі көрерменнің эмоционалды күйіне әсер ету мүмкіндігі жоғарылығын ескеріп, кейде Л.Парфенов материалды интерактивті сипатқа құрады. Мұндайда фильм авторы мен көрермен арасында тікелей байланыс орнатылып, көрермен экранда болып жатқан іс-қимылға қатыстырылады.

Зерттеушілер режиссерлық сценарийде фильмнің құрылымының барынша динамикалы болуына мұқият назар аудару қажеттігін айтады. Бір көріністен екінші көрініске ауысудың ерекше техникасын пайдаланудың маңыздылығын да ашып көрсетеді, мұндайда музыка немесе қандай да бір инфографикалық тәсілдер ықпалды болатындығына тоқталады.

Деректі фильмнің атауы жазылған титрдің тартымды болуы да өте ықпалды. Бұл да кез келген кітаптың немесе көркем фильмдердің атауы сияқты деректі фильмнің мазмұнына қарай өзіндік стильге құрылғаны дұрыс. Бұл да өзінше үлкен өнер. Титр шыққан кезде берілетін музыка, титрдің шрифт түрлері, экранда жазудың пайда болуы, сосын бірте-бірте көрінбей кетуі – мұның бәрі өзіндік оқиға сияқты болып, көрерменді деректі фильмді көруге дайындайтын ең маңызды сәттің бірі. Деректі фильмнің мазмұнына сәйкестендіріліп ұтымды жасалған титрдің өзі көрерменді ойландырып, сүйсіндіріп, тіпті таңқалдырып оны тезірек көруге асықтыратыны анық. Мұның өзі осы деректі фильмнің жәй тұрған атауы ғана емес, осы туындының маңызды бір бөлігі ретінде көрініс табады. Ескеретін бір жағдай, корпоративтік деректі фильмнің басталуындағы және аяқталуындағы титрлерде ұйымшілік аббревиатуралар болмауы тиіс. Мысалы, АТВ, ЕИС, ГСП деген сияқты ішкі құжаттамаларда қолданылатын қысқарған сөздер көрерменге түсініксіз болады да, титрдің әсерін, динамикасын түсіріп жіберуі мүмкін.

Қорытынды

Жалпы деректі фильмдерге қойылатын талаптарды атап айтатын болсақ:

-фильмнің құрылымы қатаң ойластырылып, реттелуі керек. Деректі фильмнің уақытынан кешіктіріліп басталуы аудиторияны шаршатып, бейнематериалға деген қызығушылықты тез жоғалтады;

-фильмде тек ақпараттық материалдар ғана емес, көрерменнің көңілін көтеретін, жарқын эмоциялар да болуы тиіс;

-авторлар оқиға туралы сюжетті мүмкіндігінше дәл сақтап, тек дәлелденген материалдарға сүйенуі керек;

-алдын ала дайындық кезеңінде түсірілім тобы тек техникалық үдерісті түсіндіріп қана қоймай, деректі фильмге қатысушылардың камера алдында сұрақтарға еркін жауап бере алуына дайындап, өз өмірлері туралы әңгімелеуде өздерін еркін ұстауына барынша жағдай жасалуы тиіс және олармен алдын ала кездесіп, біршама дайындық жұмыстары жүргізілуі де көп пайдасын тигізеді;

-диктор кадрда болса да, кадрда болмаса да, оған да ерекше талаптар қойылуы тиіс, харизмасы мықты, жағымды эмоция тудыра алатын шеберлігі болуы керек.

Осының бәрін ескеріп, режиссер бір тұтас дүние жасап шығаруы керек.

«Режиссура дегеніміз – фильмнің эмоциональды қаркасы» деген анықтама барынша дәл айтылған деуге болады [7, 212].

Әдебиеттер тізімі

1.Фрейлих С. И. Кино теориясы. Эйзенштейннен Тарковскийге дейін. Академический проект / Москва: 2018.

2.Парфенов Л. Интонация – мой основной навык. (Электрон. ресурс) - 2021. URL.: <https://esquire.ru/rules/63432-leonid-parfenov/#part>. (Қаралған күні 03.03.2021)

3.Николз Б. 6 стилей документального кино по Биллу Николзу (с примерами). (Электрон. ресурс) - 2021. URL.:<https://pervoe.ru/article/kultura/6-stiley-dokumentalnogo-kino-po-billu-nikolzu-s-primerami/> (Қаралған күні 03.03.2021)

4. Шкловский В. За 60 лет работы о кино / Москва: Искусство, 1985. – 573 с.

5. Филд С. Киносценарий. Сценарий жазу негіздері / Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2020. - 248 б.

6. Зайпель Х. Немецкий публицист и кинодокументалист. (Электрон. ресурс) - 2021. URL.:<http://www.pravorf.org/index.php/news/2304-nemetskij-publitsist-i-kinodokumentalist-khubert-zajpel>. (Қаралған күні 20.01.2021)

7. Ермакова Е.Ю. Режиссура как эмоциональный каркас фильма. (Электрон. ресурс) - 2021. URL.:https://tv-science.online/wp-content/uploads/2020/11/NT_7.pdf. (Қаралған күні 20.01.2021)

I.D. Yegemberdiyev, O.I. Turzhan, E.E. Ibrayeva

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

Modern documentary film production requirements

Abstract. The article discusses features of a documentary film, modern methods of production of a documentary film, the main stages of film production, the structure of technical and visual elements.

The article focuses on professional requirements for documentary films producers as well as the direction of documentary films, and features of the text of the modern screenplay. The article analyzes the importance of titles in a documentary film as a separate art.

The authors relied on the scientific and conceptual works of documentary filmmakers and film researchers when studying this field. The study is based on the successful experience of films production by such documentary filmmakers as V. Shklovsky, H. Zaypel, L. G. Parfenov.

Keywords: documentary film, features of the documentary film, innovative nature of the media product, title, author, director.

И.Д. Егембердиев, О.І. Тұржан, Э.Е. Ибраева

*Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева,
Нұр-Сұлтан, Қазақстан*

Современные требования к документальному фильму

Аннотация. В статье рассмотрены особенности документального фильма, современные методы создания документального кино, основные этапы кинопроизводства, структура технических и визуальных элементов.

Рассмотрены профессиональные требования к создателям документального кино, режиссура документального кино, особенности текста современного киносценария, проанализирована значимость титров в документальном фильме как отдельного искусства.

При изучении данной темы авторы опираются на научные и концептуальные работы режиссеров-документалистов и исследователей кино. В основу исследования взят успешный опыт создания фильмов таких документалистов, как В. Шкловский, Х. Зайпель, Л.Г. Парфенов.

Ключевые слова: документальный фильм, особенности документального фильма, инновационный характер медиапродукта, титр, автор, режиссер.

References

- 1.Frejlih C. I. Kino teoriyasi. Ejzenshtejnenn Tarkovskijge dejin [Theory of cinema. From Eisenstein to Tarkovsky]. Akademicheskij proekt / Moskva: 2018.
- 2.Parfenov L. Intonaciya – moj osnovnoj navyk [Intonation is my main skill]. (Elektron. resurs) - 2021. URL.: <https://esquire.ru/rules/63432-leonid-parfenov/#part>. (qaralgan kuni 03.03.2021)
- 3.Nikolz B. 6 stilej dokumental'nogo kino po Billu Nikolzu (s primerami) [6 Styles of Documentary Film by Bill Nichols]. (Elektron. resurs) - 2021. URL.:<https://pervoe.ru/article/kultura/6-stiley-dokumentalnogo-kino-po-billu-nikolzu-s-primerami/> (qaralgan kuni 03.03.2021)
4. Shklovskij V. Za 60 let raboty o kino [For 60 years of work about cinema] / Moskva: Iskusstvo, 1985. – 573 s.
5. Fild S. Kinoscenarij [Screenplay]. Scenarij zhazu negizderi / Almaty: «ulttyq audarma byurosy» qogamdyq qory, 2020. - 248 b.
6. Zajpel' H. Nemeckij publicist i kinodokumentalist [German publicist and documentary filmmaker]. (Elektron. resurs) - 2021. URL.:<http://www.pravorf.org/index.php/news/2304-nemetskij-publitsist-i-kinodokumentalist-khubert-zajpel>. (qaralgan kuni 20.01.2021)
7. Ermakova E.YU. Rezhissura kak emocional'nyj karkas fil'ma [Directing as the emotional framework of the film]. (Elektron. resurs) - 2021. URL.:https://tv-science.online/wp-content/uploads/2020/11/NT_7.pdf. (qaralgan kuni 20.01.2021)

Авторлар туралы мәліметтер

Егембердиев Ысқақ Дүйсембайұлы - Журналистика және саясаттану факультеті телерадио және қоғаммен байланыс кафедрасының Ph.D докторанты, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Тұржан Оңайгүл Ізтұрғанқызы - филология ғылымдарының кандидаты, Журналистика және саясаттану факультеті телерадио және қоғаммен байланыс кафедрасының доценті, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ибраева Эльмира Ерікқызы - Ph.D, Журналистика және саясаттану факультеті телерадио және қоғаммен байланыс кафедрасының доценті м.а., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Yegemberdiyev Iskah Duisembayevich - Ph.D. student of the Department of Teleradio and Public Relations, Faculty of Journalism and Political Science, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

Turzhan Ongaigul Izturganqyzy - Candidate of Philological Sciences, Associate Professor of the Department of Teleradio and Public Relations, Faculty of Journalism and Political science, L. N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

Ibrayeva Elmira Erikovna – PhD, Associate Professor of the Department of Teleradio and Public Relations, Faculty of Journalism and Political Science, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.